

Құрманбайұлы Шерубай*¹

Филология ғылымының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан,
sherubaykurmanbaiuly@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-4587-4452

ҒҰМАР ҚАРАШТЫҢ СӨЗ ҚОЛДАНЫС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялысы, алаш қайраткері әрі қаламгері Ғұмар Қараштың сөз қолданыс ерекшеліктері талданады. Зерттеуде қаламгер шығармаларына тән ерекше тілдік қолданыстар зат есімдер, сын есімдер, есімдіктер, жергілікті сөздер мен кірме лексиканың мағыналық және қызметтік сипаты тұрғысынан айқындалады. Тілдік ерекшеліктерді қазіргі қазақ әдеби тілі және түркі тілдері мен ескерткіштері негізінде, сондай-ақ замандас қаламгерлердің тілімен салыстыра талдап, автордың жаңа сөз жасау мен оны түрлендіріп қолданудағы төл таңбасы көрсетіледі. Қаламгердің өз замандас тұлғалармен салыстырғандағы кірме сөздерді түпнұсқаға жақын нұсқада жиі қолдануы, жергілікті сөйленістерді пайдалануы, кітаби тілдің элементтерін мейлінше пайдалану, түркі тілдеріне тән тілдік формаларды жұмсауы секілді қырлары ашылады.

Зерттеудің мақсаты – ақын шығармаларындағы лексикалық қабаттарды (зат есім, сын есім, есімдіктер), жергілікті сөздер мен кірме лексиканың мағыналық және қызметтік сипатын айқындау, сондай-ақ автордың жеке тілдік-стильдік ерекшелігін анықтау. Осыған сәйкес зерттеу барысында Ғұмар Қараш тіліндегі көне қолданыстардың сақталуы, диалектілік элементтердің жиілігі, араб-парсы кірме лексикасын түпнұсқаға жақын күйде немесе қазақ тілінің фонетикалық заңына сәйкес қолдану ерекшелігі, сонымен қатар тілдің ішкі мүмкіндіктеріне сүйене отырып жаңа сөз жасаудағы шеберлігі анықталды. Нәтижесінде ақын тілінің ХХ ғасыр басында қазақ әдеби тілін дамытуға қосқан үлесі көрсетілді. Қайраткер сөз қолданыстарының түп-төркінін көрсете отырып, оның қаламына тән өзгешеліктерінің тарихи уәжі дәлелденді.

Кілт сөздер. Ғұмар Қараш, тілдік ерекшеліктер, лексика, тіл тарихы, неологизмдер, кірме сөздер, диалектілер

Құрманбайұлы Шерубай*¹

Доктор филологических наук, профессор, академик НАН РК
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Алматы, Казахстан, sherubaykurmanbaiuly@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-4587-4452

ОСОБЕННОСТИ СЛОВОУПОТРЕБЛЕНИЯ В ТВОРЧЕСТВЕ ГУМАР КАРАША

Аннотация. В статье анализируются особенности языкового употребления казахского просветителя, деятеля Алаш и писателя начала ХХ века Гумар Караша. В исследовании выявляются характерные для его произведений лексические единицы – имена существительные, имена прилагательные, местоимения, регионализмы и заимствованная лексика – с точки зрения их семантических и функциональных характеристик. Языковые особенности рассматриваются на основе норм современного казахского литературного языка и тюркских письменных памятников, а также в сопоставлении с речевым стилем его современников, что позволяет определить

индивидуальную авторскую языковую манеру. Выявляются такие черты, как использование заимствований в форме, близкой к оригиналу либо адаптированной к фонетическим нормам казахского языка, активное применение диалектных элементов, владение книжно-письменной традицией и употребление характерных тюркских языковых форм.

Цель исследования – определить семантические и функциональные особенности различных лексических пластов (существительных, прилагательных, местоимений), диалектных слов и заимствований, а также выявить индивидуально-стилевую специфику автора. В результате установлено сохранение в языке Гумар Караша архаичных значений, регулярность употребления диалектизмов, вариативность арабо-персидской лексики, а также продуктивность словотворчества на основе внутренних ресурсов казахского языка. Показан вклад поэта в развитие казахского литературного языка начала XX века, обоснована историко-языковая обусловленность его словоупотребления.

Ключевые слова. Гумар Караш, языковые особенности, лексика, история языка, неологизмы, заимствования, диалектизмы.

Kurmanbaiuly Sherubay*¹

Doctor of Philology, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, sherubaykurmanbaiuly@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-4587-4452

LEXICAL FEATURES IN THE WORKS OF GUMAR KARASH

Abstract. The article examines the linguistic features of Gumar Karash, a prominent Kazakh intellectual, public figure, and writer of the early twentieth century. The study identifies lexical units characteristic of his works, including nouns, adjectives, pronouns, regional vocabulary, and borrowed lexicon, and analyzes their semantic and functional properties. These linguistic elements are examined in comparison with the norms of modern Kazakh literary language, Turkic written monuments, and the language of Karash's contemporaries, which allows for a clarification of the author's individual stylistic profile. The analysis highlights Karash's use of borrowed words either in forms close to the original or adapted to Kazakh phonetic patterns, his incorporation of regional speech elements, his command of the classical written tradition, and his application of Turkic language structures.

The aim of the study is to determine the semantic and functional characteristics of various lexical layers (nouns, adjectives, pronouns), regional words, and borrowed vocabulary in Karash's writings, as well as to identify the author's distinctive linguistic and stylistic features. The research demonstrates the preservation of archaic usages, the frequency of dialectal elements, variation in the phonetic representation of Arabic-Persian borrowings, and Karash's productive word-formation based on the internal resources of the Kazakh language. The findings show the poet's contribution to the development of the Kazakh literary language in the early twentieth century and justify the historical motivation of his linguistic choices.

Key words. Gumar Karash, linguistic features, vocabulary, history of language, neologisms, borrowings, dialects.

Кіріспе. Ғұмар Қараш ақын, жазушы, журналист, педагог, ағартушы, фольклоршы, дінтанушы ретінде соңына мол мұра қалдырып, ұлтына адал қызмет еткен қайраткер

тұлға. Жан-жақты білім иесі ХХ ғасыр басында «Бала тұлпар» (Уфа, 1911), «Қарлығаш» (Қазан, 1911), «Тумыш» (Уфа, 1911), «Аға тұлпар» (Орынбор, 1914), «Тұрымтай» (Уфа 1918) кітаптарын шығарып, сол кезеңден жарық көрген «Қазак», «Қазақстан», «Сарыарқа», «Дұрыстық жолы», «Ұран» газеттері мен «Айқап», «Мұғалім», «Шора» журналдарында мақалаларын, өлеңдерін жариялап тұру арқылы БАҚ тілінің, көркем әдеби тілдің қалыптасуына да елеулі үлес қосқан қазақ зиялысы.

ХХ ғасыр басында еңбек еткен қазақ білімпазы Ғұмар Қараш сан қырлы тұлға болғандықтан оның шығармашылығын да әдебиетші, философ, дінтанушы, лингвист, педагог ғалымдар өз саласы тұрғысынан арнайы зерттесе, оның соңына қалдырған мұрасы әр қырынан терең талданып, шығармашылығының қыр-сыры да жан-жақты ашыла түсері сөзсіз. Осы тұрғыдан келгенде біз әзірге ұлт зиялысының тіліне, нақтырақ айтқанда сөз қолданыс ерекшеліктеріне ғана тоқталғалы отырмыз.

Ғұмар Қараштың ХХ ғасыр басында жарияланған еңбектері қазіргі кирилл жазуына көшіріліп, «Замана» (1994), «Ғұмар Қараш шығармалары» (2018) деген атпен үш том болып жарық көрді. Оқымысты шығармашылығы М.Тәж-Мұрат, С.Жұмағұл, А.Исмайылов, Б.М. Аташ, Қ.Ұ. Әлжан, Б. Боранбаева сынды ғалымдар мен Ж. Набиоллаұлы, Қ. Құттымұратұлы сияқты филолог, журналист мамандар ізденістеріне арқау болды.

Ғұмартанушылар шығармашыл тұлғаның еңбектерін «Ғұмар Қараш баласы», «Ғұмар Қарашұлы», «Ғұмар Қараш», «Ахунд Ғұмар Қарашұлы», «Ғұмар әл-Қараши», «Ғұмар Қарашев» деп өз атынан және «Бөкей елінің баласы», «Ғ.Қ», «Ғ.Мұштак», «Ғабдолла Мұштак», «Оразақай», «Қазақәев», «Ордалық баласы» сияқты бірнеше бүркеншік есімдермен жариялағанын жазады. Осы бүркеншік есімдердің қалам иесіне тиесілі екенін нақты дәлелдермен анықталып, өз авторлығымен жариялаған еңбектері әлі де түгенделіп, шығармашыларының толық жинағы баспа бетін көрсе, ұлт зиялысының мұрасын әр қырынан зерттеумен бірге, оның өзі өмір сүрген кезеңде қазақ әдеби тілінің дамуына қосқан үлесі де мейлінше айқындала түседі. Біз қаламгердің осы мерзімге дейін жинақталып, жарыққа шыққан шығармаларын негізінен Ж. Набиоллаұлы, Қ. Құттымұратұлы құрастырған үш томдық жинағына сүйене отырып, қалам иесінің тіліндегі зат есім, сын есім, есімдік сияқты есім сөздер жаңа атаулар, жергілікті сөздер мен кірме сөздердің қолданылу жайын сөз етпекпіз.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу барысында Ғұмар Қараштың шығармаларының үш томдық жинағы, ақынның әр кезеңде жарияланған өлеңдері, публицистикалық мақалалары, педагогикалық көзқарастарын танытатын еңбектері, сондай-ақ алаш қайраткерлерінің жазба мұралары мен ХХ ғасыр басындағы қазақ баспасөз материалдары негізгі дереккөз ретінде пайдаланылды. Сонымен бірге тіл тарихы, тілдік норма, неологизмдер мен кірме лексиканың қолданыс ерекшеліктерін қарастырған түркологтар мен қазақ тіл білімінің зерттеуші-ғалымдарының монографиялары, мақалалары, сөздіктері, анықтамалық басылымдары қосымша ғылыми негіз ретінде алынды.

Жұмысты жүргізу барысында сипаттамалы талдау, салыстырмалы-салғастырмалы әдіс, компоненттік талдау, тарихи-лингвистикалық талдау, мәтіншілік интерпретация, дискурс-анализ және қорытынды-индуктивтік әдістер қолданылды. Сонымен қатар Ғұмар Қараштың тілдік қолданысы замандас қаламгерлердің еңбектерімен салыстырылып, автордың жеке стильдік таңбасы мен сөзқолданыс ерекшеліктерін айқындау мақсатында лингвостилистикалық талдау жүргізілді.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Зат есімдер қолданысы.

Ғұмар Қараш еңбектеріндегі кейбір зат есімдер бүгінгіден өзгеше бастапқы мағыналарында қолданылады. Мысалы, солардың бірі – «**қарындас**» сөзі:

«...Ноғай *қарындастарымыздың* даяр мүфтилігіне қосылу мезгілі толған тиісті бір жұмыс еді» [1, 220]; «Татар *қарындастарымыз* топырақты мұхарет иғлан етіп, шектерін созып отыр» [1, 241]; «Көз алдымызда тұрған башқұрт *қарындастарымыздан* өрнек алуға болады ғой дейді» [1, 184] деген сөйлемдердегі «қарындас» сөзі қазіргі әдеби тілдегі: «Бірге туған жасы кіші қыздың ағасына туыстық қатынасы жағынан аталуы» [2] мағынасында емес, «бауыр, ағайын, туысқан» деген мағынаны білдіретін көне мағынасында қолданылған.

XX ғасыр басында *қарындас* сөзі осындай көне мағынада жиі қолданылған:

Қазақтарды ағарту үшін ең керегі – *ноғай қарындастарымыздың* жалғыз газет, журналдары емес, осы күнде татар әдебиеті, татар мәтбуғаты деп аталған татар мәтбуғатына ашына болуды татар тілін нақ өзіміздің ана тілдей білу тиіс деп білем. Себебі, осы жылдарда *татар қарындастарымыздың* мәтбуғат уа әдебиеті едәуір кенеліп, тілдері түзеліп, ғылыми, пәни, әдеби көп кітаптары майданға қосылып жатыр.

Сол қата һәм кемшіліктерімізді зиялы аданастарым *қарындастық* намына тасих һәм танбиһа етулерін шын жан, ділден өтініш еттім [3].

Қарындас сөзі «туыс» мағынасында тува, якут және чуваш тілдерінен басқа түрік тілдері мен ескерткіштерінің барлығында кездеседі. Алайда қазақ, қарақалпақ, қырғыз және башқұрт тілдерінде мағынасы тарылып, тек «қарындас (қыз балаға қатысты)» деген семасында қолданылатын болды.

«Мұның үстіне, жер мәселесі, халық ағарту мәселесі, *қатын*, қыз мәселесі, кіндік хүкмет пенен қазақ федерациясы арасындағы мнәсбәт, міне, сиездің шешуі тиіс болған басты жұмбақтары осылар болуы керек» [1, 276] деген сөйлемдегі «**қатын**» сөзі де «төмен етек, қоғамда, отбасында еркектен кейін тұратын» деген жағымсыз мағынаға ие болмаған, дөрекі қолданыс деп саналмаған бастапқы қалпында, қазіргі «әйел» мағынасында жұмсалған. Алайда ақын-жыраулар мен Абай, Шәкәрім еңбектерінде негізінен «қатын» сөзі ғана қолданылса, Ғұмар Қараш еңбектерінде «әйел» сөзі басымырақ. Бұл дерек те XX ғасыр басында «әйел» сөзінің белсенді қолданысқа көше бастағанын көрсетеді. Мысалы:

Мәскеуге барған қазақтың жігіттері мен *әйелдерінен* қай ұлттан боласың деп сұраса, қазақпын деуге арланып, жапонмын дейді... Жіп иіргенде *қазақтың әйелдері* оңнан солға қарай иіреді (Елдес Омарұлы) [4, 181].

Біраз есейген балаға жырылау үшін *қазақ әйелі* төмендегі бесік жырымен таныс болса игі болар еді (Мағжан, Педагогика) [5].

Мынау ту кімнің туы? *Әйел туы* / Енді *әйел* азат ұшқан көлдің қуы.

Улаған жанымызды сансыз жылдар / Жойылды бүгінгі күн қасірет уы

Анау таң кімнің таңы? *Әйел таңы* / Бүгінгі күн шын азат *әйел жаны*.

Соқыр құрт, сасық доңыз, кет жолымнан / Басар сені төгілген *әйел қаны* (Мағжан, Түн еді).

«Жастары бір, бір жылы туған» деген мағынада қолданылатын «**құрдас**» сөзінен туған «Жас жағынан шамаластық, бір жылы туғандық, құрбылық» және «Дәуірі, заманы бір болушылық» [2] – деген мағынаны білдіретін «құрдастық» сөзі де ғасыр басында қазіргі «теңдік» деген мағынада қолданылды. Ғ.Қараш та «Құрдастық жолы» деп аталатын мақаласын: «Жасасын бүкіл адам баласының құрдастық жолы!» [1, 254] – деп түйіндейді. Басқа да еңбектерінде осы көзді қолданады.

XX ғасыр басында бұл сөз «теңдес, тең» деген мағынада жиі қолданылғаны байқалады:

Россия демократиялық, федеративті республика болу. Демократия мағынасы – мемлекетті жұрт билеу. Федерация мағынасы – *құрдас мемлекеттер* бірлесуі. Федеративті республикада әр мемлекеттің іргесі бөлек, ынтымағы бір болады. Әрқайсысы өз тізгінін өзі алып жүреді (Алаш партиясы бағдарламасы).

«Кіндік» сөзін де осы қатарға қосуға болады. Бұл сөз ХХ ғасыр басында қазіргі «орталық» мағынасында жұмсалған. Оны Ғ.Қараш еңбектерінен де көруге болады. Мысалы: «...Кіндік хұкметтен бекіттіру тоқталышсыз шешілуі тиіс болған бір жұмбақ болса керек. *Кіндік хұкмет* пенен қазақ федерациясы арасындағы мнәсбәт, міне, сиездің шешуі тиіс болған басты жұмбақтары осылар болуы керек [2, 276].

Басқа да қаламгерлердің тілінде жиі қолданылған терминге жатады:

Қазақ жаңа әліп *кіндік кімйіттемі* «Учительская газете» басқармасы мен білім басқармасы жанындағы кәмесійлермен білім қатынас жасауға айналды (Телжан, Орыс емлесі мен әліппесін өзгерту мәселесі) [4, 197].

Былтыр өткен латыншылардың тұңғыш кәнперенсесінде емле әңгіме болды, шешуі білім ордасы мен *кіндік жаңа әліп кәмитетіне* тапсырылды (Елдес Омарұлы, Емле кеңесінің қортындысы) [4].

«Кіндік» сөзінің терминденіп, жаңа мағынада жұмсалыуына оның бастапқы негізгі мағынасын құрайтын «қақ ортада орналасқан, басты, негізгі, өзек» деген семалар негіз болған. Біраз уақыт белсенді қолданылған бұл сөздің орнын кейінірек жасалған «орталық» сөзі басты. «Кіндік» сөзі негізінен бастапқы мағынасында қолданылатын болғанымен «жер кіндігі», «кіндік темір», «кіндік қазық» секілді тіркестер құрамында «орта», «орталық» мағынасы жұмсалып келеді.

Сын есімдер қолданысы.

Алаш оқымыстысының шығармаларындағы сын есімдер қолданысының да өзіндік ерекшеліктері бар. Оны мына мысалдардан көруге болады. Мәселен: «...Мал бағуға *жарақты* жерлер қалдырып жатыр» [1, 182]. Осы сөйлемдегі «**жарақты**» сын есімі қазіргі әдеби тілде негізінен «жарамды» түрінде қолданылады. Жарамды жер, іске жарамды, жарамды зат сияқты тіркестер түрлі мәтіндерде бүгін жиі ұшырасып отырады. Ал «жарақ» сөзі қазір «қару-жарақ» және «керек-жарақ» қос сөздерінің құрамында кездескенімен Ғ.Қараш қолданысындағы сын есім тұлғасында жұмсала бермейді. Ертеректе ер-тұрманы сай атты «жарақты ат» деген. Мұнда керек-жарағы түгел деген мағына тұр.

Автор «Бұ сөздер – жерлері *жарақсыз* болып келісіп алынбаған елдер һақында айтылған сөз» [1, 181] деген сөйлемде «жарақты» сын есіміне қарама-қарсы мағына беретін «жарақсыз» сын есімін де қолданады. Бұл да қазіргі тілде қолданыла бермейтін тұлға. Қазір «жарамсыз» тұлғалы сын есімнің белсенді қолданылатыны белгілі.

Мұндай қолданыс ХХ ғасыр басындағы жазба тілге жат емес:

Ыңғайлырақ, бұл күнгі мәдениетке құрал болуға *жарақтырақ* әліппені алу дұрыс екендігі айқындалады [4, 231].

Қолданысына назар аударуды қажет ететін сын есімнің бірі – «**көшпелі**» сөзі. Ғылым менен өнер көшпелі ғұмырмен әууелден жолдас емес. Малдан айрылғанда көшпелі халықтың қолынан келетін бар өнері малайлық болады. Бұ көшпелі ғұмыр адам баласына не көрсетпеді, бірқатар халықты мүлде жоқ етті [1, 152]. Автор қолданысындағы «көшпелі» сын есімі қазіргі тілде «көшпенді» (І.Есенберлин. Көшпенділер) тұлғасында, ал «көшпелі халық» тіркесі – көшпенді халық, «көшпелі өмір» – «көшпенді өмір» түрінде қолданылатыны белгілі. Негізі тек Ғ.Қараш ғана емес ХХ ғасыр басындағы қазақ оқығандарының барлығы дерлік «көшпелі» деп жазған. Бұл сөз одан кейін де қолданыста болған. «Көшпенді» сөзі 60-жылдардың аяғына қарай жазушы І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы жарық көргеннен кейін белсенді

қолданысқа көшкені байқалады. Кейінгі жылдары «көшпелі» сөзінің қолданыс жиілігі қайтадан артып келеді.

1919 жылы «Дұрыстық жолы» газетінде жарық көрген «Екеуі екі басқа» атты мақаласында автор «**келісшіл**» деген сын есімді қолданады. «Революцияның әуелгі қысқа дәуірінде іс басында Милуков сияқты кадеттер, ортаншы дәуірінде *келісшіл* революционер Керенскийлер тұрып, өз тұстарында жұрт алдында түзген программаларын тартқан» [1, 257].

Уақытша үкіметті басқарған белгілі саясаткер А.Ф.Керенскийге қатысты компромиске барғыш, келісімпаз тұлға деген сипаттама беріледі. Соған сәйкес Ғ.Қараштың осы сөйлемдегі «келісшіл» сөзін «компромиссный» сын есімінің баламасы ретінде алғаны байқалады. Бұл сөз саясаткер болмысын ашатын ұтымды түбір сөзді таңдай отырып тіліміздегі көпшіл, жікшіл, бұқарашыл, жершіл, турашыл сөздерінің үлгісімен жасалғанымен ерекшеленіп тұр. «Компромиссный» сөзінің мағынасын дәл беру тұрғысынан да, тұлғасы тұрғысынан да ұтымды жасалған жаңа сөз.

Дәл осы үлгімен сол кезеңде жасалып, әдеби тілден берік орын алған тағы бір сын есім – «**ұлтшыл**» сөзі. Ғұмар Әбілхайыр Ерсалиев деген ұлтына қызмет етуді мақсат еткен азаматтың қазасына қатысты былай деп жазады: «Біздің қазақ жұртында оқып жүрген һәм оқуды бітірген жігіттер көп болса да, мұндай таза *ұлтшыл* болушылары сирек табылады» [1, 224].

Ғұмар бұл сөзді ұлтына шын берілген азамат деген жағымды мағынада қолданғанымен сол кезеңнен бастап кеңестік идеялогия ықпалымен *ұлтшыл* сөзін жағымсыз семада қолданыла бастағаны байқалады:

Латыншылар өздерін жаңашыл, төңкерісшіл деп, қазақшылдарды ескішіл, *ұлтшыл*, керітөңкерісшіл деп демегөктетіп жүр (Елдес, Қазақша әліпби мен латынша әліпби), [4, 209].

Қазақстандағы мәдениет ағарту жұрттарында байшыл, *ұлтшыл*, арабшылдардың ықпалы күшті еді. Міне, бұ да жаңа әліпби жолында оралғы болды (Жұмысшы, қара шаруа әліпбиі, Жаңа мектеп, [4, 262].

Қазір бұл сөздің мағынасынан кеңес дәуіріндегідей басқа саяси мән іздеп, оны «ұлтжанды», «ұлтсүйгіш» деген жасанды сөздермен алмастыру әрекеті бар. Соған сәйкес кейінгі жылдары әсіресе «ұлтжанды» сөзінің қолданыс жиілігі едәуір артқан. Ал алаш оқығаны бұл сөзді «зейін-пікірі терең, бағыты түзу, жүрегі таза, ұлтына қызмет етуді мақсұт еткен» (Ғ.Қараштың өз сөзі – Ш.Қ.) ел азаматына қатысты үлкен құрметпен қолданады. Негізі бұл сөзді алаш зиялылары сияқты о бастағы «ұлтын шын сүйетін, ұлтына адал қызмет ететін» деген мағынасында қолданғаны орынды.

Есімдіктер қолданысы.

Ғ.Қараш шығармаларындағы жіктеу, сілтеу, белгісіздік, болымсыздық есімдіктерінің қолданысы да назар аударуды қажет етеді. Мәселен, «ол» есімдігі *о* түрінде, «бұл, сол» сілтеу есімдіктері *бұ, со* түрінде өте жиі қолданылады.

Мысалы:

Ақырауи, ұқырауи деп бос қалмаңыз, Дүнияуи *о да* керек қолданарға.

Шын сопы ғылым иесі – *о бір* гауһар, Мысалы надан сопы – бір қара тас.

Надандық қайыры жоқ *о бір* кесір, Һеш халық оңа алмайды оған ерген.

Білеміз *бұ күнде* де етіпті айып, Ешкімнің алдында бұ тұрмағанын.

Оқу жоқ, өнер де жоқ надан қазақ Болады *бұ кейіппен* қайтіп адам?!

Бұ сөзді әйел адам жақсы білсін.

Жолды не *бұ заманда* олар білген.

Бұ сөзге мойын қояр, бойын ұсынар Ақтарып тарихтың жүзін көрген. Қамы жоқ *со* қазақтың артын ұғар, Кіре алмай сыртта тұрар көп аламан. Бәрі мас *со жиында* бір сау жан жоқ Маржаның сұйығынан жаламаған.

Тиюге кеп келмейді *со себенмен*, Ұрынар жазықсызға тентек неткен?

Азуы жалын, шиян жанға, батса, *Со күнде* бұл ісіңе күйіңерсің [6, 4-20].

Есімдіктің *о, бұ, со* тұлғалары бүгін негізінен көркем әдебиет пен ауызекі сөйлеу тілінде жиі болмаса да қолданылады. Әсіресе ауызекі сөйлеу тілінде біршама жиірек кездеседі. Мәселен, *о* жақ, *бұ* жақ, *о* ғып, *бұ* ғып, *о* несі ей? сияқты қолданыстарды сол қатарға жатқызуға болады. Ал ғылым, публицистика, ресми-іс қағаз стильдерінде осы есімдіктердің негізінен *ол, бұл, сол* тұлғасындағы қолданысы берік орнықты. Бұл деректер де жазба әдеби тілдің бір ғасыр ішіндегі даму, сөздердің нормалану үдерісін көрсетеді.

Сондай-ақ *еш, ешкім, ешбір* болымсыздық есімдіктері *heш, heшкім, heш бір//heшбір* түрінде бастапқы «h» дыбысы түсірілмеген тұлғасында қолданылады.

Мысалы:

Әйтпесе неге керек сен де таста, Тимесін халқымызға *heш* залалың.

Надандық қайыры жоқ *о* бір кесір, *Heш* халық оңа алмайды оған ерген.

Күнелтсе екі зайып фақрана, Сын тағып *heшкім* оны жөнсіз демес [6].

Николайдың цензор, жандармалары социализм бағытында жазылған баспасөздердің таралғанына *heш бір* кедергі бола алмады [1, 249].

Қалам иесі болымсыздық есімдіктері сияқты қазіргі тілдегі *әр, әрбір, әркім* белгісіздік есімдіктерін де *hәр, hәрбір, hәркім* түрінде бірінші әрпін түсірмей қолданады.

Мысалы:

Hәр уақыт адам баласының халі, тіршілігі, заманы өзгерумен бұлар да өзгеріп тұрады [1, 236];

Қашаннан бола келген алымды жұрт Жұбатады алымсызды *hәрбір* заман.

Қарсы алар алдың тосып тарғыл шұбар, Жыландар *hәрбір* түрлі түстілер де.

Әй, сен де жақсы атаның баласы едің, Қалдың ғой *hәр кімдердің* мазағында [6, 7-11].

Қазіргі әдеби *тілде hәр, hәрбір, hәркім* есімдіктері мүлде қолданылмайды деуге болады. Алайда бұл есімдіктер ХХ ғасыр басындағы қазақ әдеби тіліне тән ерекшеліктердің бірі ретінде сол кезеңнің жазба мәтіндерінде сақталып тұр. Сонымен қатар бұл есімдіктер мұсылманша білім алған Ғ.Қараш тіліндегі араб сөздерінің қолданысынан да хабардар етеді.

Жергілікті сөздер қолданысы.

Ғ.Қараш шығармаларында батыс аймақ қазақтарының тілінде сақталып қалған немесе сол өңірде ғана қолданылатын сөздер де ұшырасып отырады. Мәселен, қазақ білімпазының «Байұлы» деген бүркеншік есіммен жазған еңбегі саналатын «Ішкі орда» атты мақалада мынадай сөйлем кездеседі:

«Шынын айтқанда, надан халықты жөн тапқан болып шашылдырушылар, *бүлгінге* түсірушілер де осылар» [1, 217].

Осы сөйлемдегі «*бүлгін*» сөзінің «бүліншілік, бүлінді» деген көне мағынасы мамандарға белгілі болғанымен қазіргі тілде қолданыла бермейді, өте сирек ұшырасады.

«Қазақ тілінің аймақтық сөздігінде» бұл сөздің Ақтөбе облысының Ойыл ауданында «бүлік» мағынасында қолданылатындығы көрсетіліп, «Ермек, үйіне бүлгін салғаның не, ұят емес пе» [7] деген мысал беріледі.

Ойыл БҚО-ның Қаратөбе ауданымен шекаралас аудан екенін әрі «бүлгін» сөзінің Ғ.Қараш еңбектерінде кездесетінін ескерсек бұл сөздің батыс өңірдің басқа аудандарында да қолданыста болғаны байқалады.

Сондай-ақ қазіргі әдеби тілде негізінен «ашық-шашық» қос сөзінің құрамында ғана кездесетін «шашық» сөзінің дербес қолданысы да назар аудартады. Қос сөздің екінші сыңарындағы «шашық» сөзі Ғұмар еңбектерінде «шашыраңқы, бытыраңқы» мағынасында жұмсалады. Мысалы: «Міне, бұ айтылғандар бәрі де қазақ жұртының осы күнге дейін толымсыз *шашық*, аяқты малша алды-алдына жайылып өткендіктен тапқан олжасы. Біз бұлай *шашық* отырып та, әр ісіміз жөнделіп, шаруамыз ілгері басып бара жатқаны шамалы [1, 180-182].

Диалектологтардың мәліметтеріне сүйенсек «шашық» сөзінің қолданыс ареалы «бүлгінге» карағанда біршама кеңдеу екенін көруге болады. Аймақтық сөздікте:

Шашық. (Гур.: Есб., Тең.; Маң., Шевч.) сирек, шашыраңқы, сұйылыңқы.

Биыл бұл тұстың балығы *шашық* (Маң., Шевч.).

Жайық бойында болмаса өзге былайғы жерде ел *шашық* (Гур., Есб.) [7] – деп көрсетіледі.

Жергілікті ерекшеліктерді арнайы зерттеп, оларды жинау үшін ұйымдастырылған диалектологиялық экспедициялар ХХ ғасырдың 50-жылдарынан басталғанын және ел аузынан, кейінгі кезеңде жазылған еңбектерден жинақталғанын ескерсек, алаш білімпаздарының тілінде кездесетін жергілікті сөздер беріге дейін қолданыста болған, бірқатары осы өңір тұрғындарының тілінде қазір де сақталып отыр.

Жаңа сөздер қолданысы.

ХХ ғасыр басындағы қазақ оқығандары шет тілінің сөздері мен терминдерді дайын күйінде тілге қабылдай бермей, оларға балама ұсынуға, ұлттың өз тілінде термин жасауға айрықша мән берді. Ғұмар Қараш еңбектерінде де өз қаламынан туған және замандастары жасаған сондай жаңа атаулар аз емес. Мысалы: *бекерлік* (іссіздік, бекершілік), *отарба*, *откүйме*, *шифахана*, *бүркеншік* (маска), *уағда шарт*, *шашықтық*, *мәртебекұмарлық*, *бадауилік*, *бадиілік*, *мәденилік*, *жер енші* (надел), *қисым*, *мүфтілік//мүфтилік*, *тұпарна*, *бейнетқор*, *баспасөз*, *тап*, *жұмыскерлер табы*, *бүлгіншілік*, *тарқаулық*, *ұлттастыру*, *халықтастыру*, *хатшылық*, *баспахана*, *жолбасар//жолбаспа*, *бірік* (союз), *кірім* (доход), т.б.

Бұлардың арасындағы *отарба*, *бейнетқор*, *тап*, *баспасөз*, *баспахана* сияқты сол кезеңнің жаңа сөздері алаш оқығандарының көпшілігінің жазғандарында ұшырасады. Мұндай сөздердің авторлары кім екені әзірге анықталмағанымен, дәл сол кезеңде жасалғаны, олардың өткен ғасырдың 20-жылдары алғаш қолданысқа енгені анық. Мысалы:

Көз алдымызда түрлі-түрлі нәрселер тез-тез алмасқандықтан, біздің *отарбада* кетіп бара жатқанда ішіміз пысады (Мағжан, Педагогика) [5].

Толып қалды төрт айға / Күйікпенен күн өтті.

Жарымды өкіріп *отарба* / Қанды жаққа әкетті (Мағжан, Орамал).

Міне осы білімпаздар жиылысы өтпелі үш ай болса да әлі күнге шейін біздің *баспасөздеріміз* (газет, журналдарымыз) шығарылған қаулыларды жүзеге асыруға шабандық қылып келе жатыр еді... (Мадияр, Әліппен мен жазу ережелері туралы). [4, 241].

Мында баспасөздің сол дәуірде енді қолданыла бастаған жаңа сөз екенін автордың оны жақша ішінде түсіндіргенінен байқауға болады.

Елдес Омарұлы бұл терминдегі екі сөзді бөлек жазады:

Бұл туралы төреші «Тіл құрал» болу керек еді. Екі жылдық «Тіл құралда» ірет те, рет те бар. Сондықтан тіл құрал шатақты шеше алмайтын болған соң қазақ *баспа сөзіне* қарайсың (Елдес, Дұрысы қайсы) [4, 90].

Кәзірде *баспа сөз* жүзінде талқыға түсіп, оқушылардың басын әңкі-тәңкі қылып жатқан латын әңгімесі (Елдес, Латынның еліктен басқа түгі жоқ) [4, 211].

Ғұмар Қараштың өз мақалалары мен өзге де еңбектерінде осы жаңа сөздерді қолдануы оның қазақ тілінің сөздік құрамын жаңадан сөз туғызу тәсілімен байыту бағытын ұстанушылармен мүдделес екенін әрі жоғарыдағы жанаттарды (неолизмдерді) дұрыс жасалған деп санайтынын да көрсетеді.

Ал енді *бекерлік, откүйме, шифахана, бүркеншік, уағда шарт, шашықтық, мәртебеқұмарлық, бәдауилік, бәдиілік, мәденилік, жер еніші* (надел), *қисым, мүфтілік//мүфтилік, түпарна, бүлгіншілік, тарқаулық, ұлттастыру, халықтастыру, хатшылық, жолбасар//жолбаспа, бірік* (союз), *кірім* (доход) тәрізді жаңа сөздердің көпшілігі өзге авторларда байқала бермейді. Әсіресе соның ішінде *бекерлік, шифахана, бүркеншік, шашықтық, мәртебеқұмарлық, жер еніші, қисым, түпарна, бүлгіншілік, тарқаулық, ұлттастыру, халықтастыру, жолбасар//жолбаспа, бірік, кірім* іспетті жаңа сөздер бізге осыған дейін сол кезеңде жарық көрген еңбектерден ұшыраса қоймапты. Соған қарағанда бұл сөздердің дені автордың өз қаламынан туған болуы әбден мүмкін.

Ғұмар Қарашта кездесетін жаңа қолданыстың бірі – «**ішкі**» сөзі. Бұл сөзді автор өлеңдерінде қазіргі тілдегі «ішімдік», «арақ-шарап» орнына қолданады.

Мысалы:

Қолданған өнерлері осы күнгі,
Ойын ойнап, *ішкі* ішіп жасы-қарты [6, 157].
Қайғы етіп жатса-тұрса кесер басын,
Есепке елі-жұртын санамаған.
Күні-түн ойын ойнап, *ішкі* ішеді,
Бар мұндай әдеттері жарамаған [6, 206].

Ішкі сөзі көне түркі тіліндегі *ісгі* «ішімдік, ішетін нәрсе» деп жазылған. Қазіргі түрік тілінде *ішкі* деп аталады.

Біздегі «ішімдік» деген форма қырғыз (ичимдик) және өзбек (ichimlik) тілдерінде сондай тұлғада қолданылады. Ғұмар бұл сөзді көне түркі тілінен немесе түріктерден алуы да, қазақ тілінде бар сөзжасам үлгісімен *іш+кі* өзі жасауы да мүмкін.

«Банды», «қарақшы» сөздерінің орнына автор «**жолбасар**», «**жолбаспа**» сөздерін қолданады. Мысалы: Екінші шеттен келер *жолбасар* ұябұзарлардан сақтанатын милиция жасау болып еді [1, 243]. Жыртқыш тонын жамылып шыққан бұзық тәрбиелі *жолбасарлар* аңдық етіп, өз жайына отырған момын елдің басына, қазына малына шығын келтірді [1, 260]. Ел тонап жүрген *жолбаспаларға* бір ғамал қолдануға жіберілді [1, 266].

Ғ.Қараш еңбектерінде «национализация» термині «**ұлттастыру**» деп қазақшалап қолданылады. Мысалы: «Ұлттастыру мен талаудың арасындағы айырым таудай зор» [1, 258]. Осы үлгімен жасалған «**жерлендіру**» сөзі де «халыққа жер бөліп беру, жер үлесін бөлу» мағынасында қолданылады. Мысалы: (жер бөліп беру, жер үлесін беру). «Надел» деп елдегі жанның-малдың есеп мөлшерін алып, түпкілікті меншікті етіп *жерлендіруді* айтады [1, 213].

Ғ.Қараш шығармаларында бұлардан өзге де көптеген жаңа қолданыстар кездеседі. Мәселен, *жайылыс* (121-б.), *шұбарлық* (190), *бәдиілік* (190), *бәділші* (193), *тіке* (194) – *монастыр, бүлгіншілік* (254), *тарқаулық* (254), *хатшылық* (263), *басбақтық* (267), т.б.

Автор тілінде мұндай дара тұлғалы сөздермен қатар *кіндік хүкімет* (250, 276), *Ішкі ордалық* (250), сынды жаңа тіркестер де аз емес. Осының бәрі оның жаңа қолданыстарды жат көрмегенін және өзі де жаңа сөздерді жасап, тіл байлығын еселеуге атсалысқан қалам иесі екенін айғақтайды.

XX ғасыр басындағы алаш оқығандары «оқушы» сөзін қазіргі «оқырман» мағынасында ал «шәкірт» сөзін бүгінгі «оқушы» мағынасында қолданды, мәселен:

Кәзірде баспа сөз жүзінде талқыға түсіп, *оқушылардың* басын әңкі-тәңкі қылып жатқан латын әңгімесі (Елдес, Латынның еліктен басқа түгі жоқ) [4, 211].

Айқаптың төртінші, бесінші нөмірлерінде А.Б. қазақша жазуға тәртіп көрсетіп, *оқушылардың* сынына салған, көпшілік ұнатса сол тәртіппенен әліфпе бастырмақшы екен (Азамат Алашұғлы, Жазу тәртібі, Айқап №8, 1912) [3].

Сөзім біреуге ұнар, біреуге ұнамас, ұнамаған жерін көрсетер деп ардақты *оқушыларымыздан* үміт етемін (Сералин, Емле мәселесі, Айқап №4, 1914) [3].

Ғ.Қараш еңбектерінде де бұл сөздер сол кезең тіліне тән қоланылады. Оған мына мысалдар дәлел бола алады. Мысалы: «Бұлар ұлттық мектеп ашып, *шәкірттерді* ілтипатты, мінезі-құлықты, міндеттерін адал орындайтын адам етіп шығаруды көздейді» (Ойға келген пікірлерім) [1, 47]; «Құрметті *оқушылар*, бұл айтқандарымды қияли бір сөз деп есептемеңіз» (Ойға келген пікірлерім) [1, 52].

Кіріме сөздер қолданысы.

Ғұмардың үш томдық шығармаларында көптеген кіріме сөздер кездеседі. Олардың басым бөлігі араб, парсы және орыс сөздері. Кейбір араб, парсы сөздері қазақ айтылымына бейімделген нұсқада жазылады. Солардың бірі «асық» сөзі. Мысалы:

Хош келдің, Шақым сұлу, сүйген жарым,
Жасымнан болған *асық*, ынтызарым,
Қанды бет, қақпақ жаурын, аксұнқарым,

Жолыңа болсын пида жалғыз жаным (Тұманбайдың баласы Әділ мырза, я болмаса Байғазы байдың қызы ару Шандоз) [1, 35].

Бұдан бөлек осы өлең мәтнінде *асық жар*, *біз бір асық*, *асық болған*, *біздей асық* [1, 34-36] қолданыстар ұшарасады. Ғұмар Қарашта да бұл сөз Абай (Сорлы асық сарғайса да, сағынса да) мен Шәкәрімдегідей (Асық боп сен үшін Шашыңа байланған) сөз басындағы «ғ» дыбысы түсірілген қазақы нұсқада қолданылады. Дегенмен Ғұмар тілінде мұндай қазақ айтылымына бейімделген сөздерден гөрі түпнұсқаға жақын нұсқасында жазылған араб, парсы сөздері көбірек қолданылады. Мұны Ғұмар тілінің, өткен ғасыр басындағы жазба тілдің ерекшеліктерінің бірі деуге болады. Айталық қазіргі әдеби тілде азап, айла, ақыл, амал, әдет, әділ, әділетсіздік, ылаж тұлғасындағы қолданысы орныққан сөздер Ғұмар еңбектерінде: *газан*, *ғайла*, *ғақыл*, *гамал*, *гадет*, *гаділ*, *гаділетсіздік*, *ғылаж* нұсқасында жиі қолданылады. Мысалы: Оларды бірден сыпырып алып тастау еш мүмкін емес; қашан халықтың ұлы-қызы бірдей оқып, мағрифат хасыл етсе, бұл надандықтан келген ғадеттер өз-өзінен бітешек [1, 61]. Қазақ ішінде болған соттардағы әлсіздерге жасалатын зұлым хәм ғаділетсіздіктер Ишанғали Мендіхановтың жүрегін жаралайды [1, 263].

Қазіргі әдеби тілдің орфографиялық нормасы бойынша *ақиқат*, *әзірлеу*, *әріп*, *әкім*, *әкім*, *есеп*, *үкім*, *үкімет* түрінде жазылатын сөздер Ғұмарда сөз басындағы «х» әрпі сақталып *хақиқат*, *хазірлеу*, *харф*, *хәкім*, *хисап*, *хүкім*, *хүкімет* түрінде таңбаланады. Діндар оқымысты мұрасында *фан*, *фақыр*, *фатуа*, *фәле*, *фида*, *фікір* түрінде «ф» әрпімен жазылатын сөздер қазір «п»-дан басталып *пән*, *пақыр*, *пәтуа*, *пәле*, *пида*, *пікір* деп жазылады. Тек сөз басындағы ғана емес *сарф ету*, *сафар*, *яфырмай*, *ынсаф* іспетті сөздердегі сөз ортасы мен сөз соңындағы «ф»-да қазір «п»-мен жазылады.

Ғ.Қараш шығармаларында ХХ ғасыр басында онымен қатар еңбек еткен замандастарында кездесе бермейтін «**ғайла**» (ғайлә) сөзі қолданылады:

«Дүниедегі жәмғияттардың ең кішкенесі, ең басы *ғайла*, яғни бір үйлі жаннан басталады. Осылар өз міндеттерін кемшіліксіз жеріне келтіріп тұрса, ол *ғайланың ғайла* тұрмысы тәртіпті болмақ» [1, 284].

«Отбасы» мағынасын беретін бұл сөз башқұрт (ғайлә), түрік (айле), татар (айле) тілдерінде қазірге дейін белсенді қолданылады. Уфада білім алған, Қазанмен жақсы

таныс, башқұрт, татар тілдерін білетін Ғұмардың бұл сөзді қолдануына сол ортаның ықпалы болған деуге негіз бар.

Жалпы діни білімі терең Ғұмар ахунның мақалалары мен кітаптарында араб, парсы сөздері молынан қолданылады. Олардың бірқатары мына сөздер: ағза (77-б.), ахирет (234), ахлақ (279), әлзам ету (75), әлсә (133), әһік-хаялы (73), бадиғат (209), бәдіғат (74), бина (250), гәршә (75), ғадет (61), ғаділ (65), ғазап (63), ғазелет (74), ғайбат (66), ғайла (284), ғайыры (68, 78), ғайри (108), ғақабетінде (71), ғақбіт (75), ғақибат (146), ғақыл (72), ғақыл ой (72), ғақпет (65), ғамал (62 (жиі), ізгі ғамал (63), мыстай ғапыл (64), ғарыз (63), ғасыл (77), ғибадат (63, 74), ғөнер (120), ғұмумән (65), ғылаж (68), дағуат (77), дару (69), дарих (74), дәхиде (70), жаһыт (75), жәмғият (284), жұмле//жұмле (64), жұмһрият (269), зағиып (76), зақмет (69), заһир (64), зирағат (118), иғтиқат// ығтиқат//ығдиғат (61), иждиат (63), имтихан (69), инқраз (181), иттифақ (126), итфақ (112), крандас (70), лайқат (169), лафке (123), ләззет (63), мағрифат (61), мағрифатлі (68), мағруф//мағраф (81), мағсұм (242), мақсұд (169), манһомен (76), махандас (180), махар (180), махкама (264), мәгер//мәгар (63 (жиі), мәжаләл (76), мәнқар (65), мәжуістік (68), мәтбуғат (112), мәшхүл (74), милләт (65 (жиі), мұғадар (168), мұғамилә (67), мұсабиқа (67), мүбақ (81), мүбтилә//мүбтәлә (71) муафық (208), муджахит (202), мүдәріс (194), мүрит (70), мұталаға қылу, никах (223), пайзы (74), рәкғат (63), риядат (71), рисала (82), санағат (76), сарф ету (120), сафар (129), сиасат (276), табиб (69), тағаллықты (64), тағлим (1212), таурих (73), тәпсилі (71), тіб (68), уақаф (196), уахиял (70), уәжіп (81), ұдұлат (120), фазыл (63), фақе (202), фақыр (237), фан (75), фатуа (235), фәле (133), фида (140), фікір (112 (жиі), хазірлеу (76), хақиқат (248), халақ (74), халапінше (71), халбүки (63), халима (81), хамат (196), ханака (70), харф (290), хасыл (61), хастерлік (71), хәкім (126), хәттә (70), хилаф (68), хисап (69), хұзулық (63), хұзыр (64, 74), хұсусән//хұсусан (65), хұтба (76), хүкім (63), хүкімет (242), һақы (179 (жиі), шабха (203), ығталаф (82), ыжтиһад (243), ынсаф (94), ысбат/ыспат (69 (жиі), ысбатты (68), яфырмай (120) [1] және т.б.

Білімпаз еңбектеріндегі араб, парсы сөздері бұлармен ғана шектелмейді. Байқалып отырғандай бұлардың көпшілігінің орфографиясы қазіргі әдеби тілдегімен сәйкес келмейді. Бұл деректер бір жағынан ХХ ғасыр басында кірме сөздердің, соның ішінде араб, парсы сөздерінің жазылуы бір қалыпқа түсіп, әлі нормалана қоймағанын көрсетсе, екінші жағынан Ғұмар Қараштың оларды мейлінше түпнұсқаға жақын таңбалағанын айғақтайды.

Орыс сөздерінің қолданысы.

Ғ.Қараш еңбектерінде араб, парсы сөздерімен салыстырғанда орыс және орыс тілі арқылы енген сөздер көп болмағанымен, оларды тым аз деуге де болмайды. Мысалы: адбақат (144), акт (144), ғубирнатор (146), десетине (190), зағон (190), закон (212 (жиі), каберт (145), комиссия (217), күтір (хутор 101), начальство (212), обштуа (113), пауіскі//пауіска (144), прием (217), приговор (222), пошта (146), сиез (276), сүрек (172), тілграм (120), тауариштуа (142), расход (241), уексел (144), уолыс (167), уолосной (167), управител (218), үшкөл (113), ушител (217), федератсия (269), фелшер (217), школ (261), шлен (217), ыстаршина (146) [1] және т.б.

Автор еңбектерінен алынған жоғарыдағы мысалдар көрсетіп отырғандай орыс сөздері мен кірме сөздер *акт, закон, комиссия, прием, приговор, расход түрінде орыс орфографиясы бойынша да, адбақат, ғубирнатор//ғубирнатор, десетине, күтір, обштуа, пауіскі//пауіска, сиез, сүрек, тілграм, тауариштуа//тауаришестуа, уексел, уолыс, уолосной, үшкөл//школ ушител, федератсия, ыстаршина* түрінде қазақ айтылымына бейімделіп те жазылады.

ХХ ғасыр басында *приговор, указ, закон, союз, халық союзы* (273), сөздердің орысша жазылуы олардың қазақша баламалары әлі қолданысқа ене қоймағанын

көрсетеді. Мәселен, «Закон жолында Ішкі Орда қазағына пайдалануға берген [1, 212]. Ондағы начальствоның *законнан* тысқары шығып кеткен ғамалдарын ашқандығы үшін ол орынан шығарылды» [1, 264] деген сөйлемдерден «закон» сөзінің орыс тіліндегі қалпында қолданылғанын көруге болады. Сондай-ақ *начальный, временный, военный, исполнительный* сөздерінің де қазақшасы жасалып, орныға қоймағанын растай түседі. Ал Ғ.Қараш еңбектеріндегі: *начальный* школ (261), *временный* совет (263), *военный* комиссариат (266), *исполнительный* комитет (269) сияқты қолданыстар бастауыш мектеп, уақытша совет (үкімет), әскери комиссариат іспетті тіркестердің де әлі қолданысқа ене қоймағынына дәлел бола алады.

Қорытынды. Ірі ақын, көрнекті көркемсөз шеберінің тілі терең зерделеніп, жан-жақты зерттелсе, қалам иесінің өзіне тән стилдік өзгешеліктерін анықталумен бірге ХХ ғасыр басындағы қазақ жазба тілінің кезеңдік сипатын кеңірек танып-білуге қажетті дерек-дәйек молынан табылары сөзсіз. Өйткені Ғұмардай қаламы жүйрік, өз заманының озық ойлы, өте білімді тұлғасының соңына қалдырған мұрасы мол мәлімет көзі, ұлт тілінің осыдан бір ғасыр бұрынғы қалпын көз алдымызға әкеліп көрсететін сол уақыттың құнды жәдігері. Оған жоғарыда келтірілген тіл деректері, ол қолданған сөздер дәлел бола алады. Онда қазақ әдебиетінде айрықша орны бар қалам иесінің сөзсаптам, сөз қолдану ерекшеліктерін бірқатар есім сөздер мен кірме, жаңа сөздер негізінде көрсетумен ғана шектелдік. Білімдар тұлғаның мұрасымен танысқанда табылған бұлардан өзге де құнды деректер бар. Оларға жеке тоқталып, кеңірек талдап, тарқатып айтуды жөн санадық.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Ғұмар Қараш шығармалары. II том. Ойтолғамдар, мақалалар [Текст] / құраст.: Ж. Набиоллаұлы, Қ. Құттымұратұлы. – Орал, 2018. – 376 б.

2 Қазақ сөздігі (Қазақ тілінің біртөмдік үлкен түсіндірме сөздігі) [Текст] / құраст.: Н. Уәли, Ш. Құрманбайұлы және т.б. – Алматы: Дәуір, 2013. – 1488 б.

3 Қазақ тілі жөніндегі революциядан бұрынғы зерттеулер [Текст] / жауапты ред.: Б. Әбілқасымов. – Алматы: Ғылым, 1993. – 232 б.

4 ХХ ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер [Текст] / құраст.: О. Жұбаева. – Алматы: Қазығұрт, 2013. – 640 б.

5 Жұмабайұлы, М. Педагогика (1922 жылы Орынборда жарық көрген бірінші басылымы) [Текст] / М. Жұмабайұлы. – Алматы: Marfu Press, 2024. – 208 б.

6 Ғұмар Қараш шығармалары. I том. Поэзиялық шығармалары [Текст] / құраст.: Ж. Набиоллаұлы, Қ. Құттымұратұлы. – Орал, 2018. – 442 б.

7 Қазақ тілінің аймақтық сөздігі [Текст] / құраст.: Ғ. Қалиев, О. Нақысбеков, Ш. Сарыбаев, А. Үдербаев және т.б. – Алматы: Арыс, 2005. – 824 б.

REFERENCES

1 Gumar Karash shygarmalary. II tom. Oitolg'amdard, makalalar. [Works of Gumar Karash. Vol. II. Reflections and Articles]. Oral, (2018): 376 b. – (In Kaz)

2 Kazakh sozdigi (Kazakh tilinin birtomdyk ylyken tusindirme sozdigi). [Kazakh Dictionary (A Large One-Volume Explanatory Dictionary of the Kazakh Language)]. Almaty: Daur, (2013): 1488 b. – (In Kaz)

3 Kazakh tili zhonindegi revolyuciyadan buryn'gy zertteuler. [Pre-Revolutionary Studies on the Kazakh Language]. Almaty: Gylym, (1993): 232 b. – (In Kaz)

4 XX gasyr basyndagy kazakh tili zhonindegi zertteuler. [Studies on the Kazakh Language of the Early 20th Century]. Almaty: Qazygurt, (2013): 640 b. – (In Kaz)

5 Zhumabaiuly, M. Pedagogika. [Pedagogy (First Edition Published in Orynbor in 1922)]. Almaty: Marfu Press, (2024): 208 b. – (In Kaz)

6 Gumar Karash shygarmalary. I tom. Poeziyalyk shygarmalary. [Works of Gumar Karash. Vol. I. Poetic Works]. Oral, (2018): 442 b. – (In Kaz)

7 Kazakh tilinin aimaktyk sozdigi. [Regional Dictionary of the Kazakh Language]. Almaty: Arys, (2005): 824 b. – (In Kaz)